

«Китаб әл-Хуруф» трактатында мұндай зерттеуге қолы жеткен» [12, 46-47]. Осы тілдік материалды, яғни “Әріптер тізбесін” лингвист-грамматиктер мен философтар, әсіресе логиктер қолдана бастаса, “ана не мына терминдерді логиктердің әлде, грамматиктердің бірінші енгізгені белгісіз, талас тудыратын болғанмен, бір нәрсе анық - ол грамматиктердің Аристотель логикасына сүйенгендігі» [11, 29].

Араб грамматигі Ибн әс-Саррадж да «Негіздерінде» осы әдісті ұстанып, грамматикалық категорияларды логикалық түсіндірмемен үстемелейді. Ибн әс-Саррадж өз кітабын жазуда араб тіл білімі негізін қалаған ортағасырлық грамматик Сибәуейхидің кітабынан үлгі алған. Ибн әс-Саррадж грамматикалық категорияларды логиктердің пайымдауына айналдырып отырған. Грамматикалық категориялар логикалықпен толықтырылғанда, философтардың айқышталған шешендік сөздеріне айналып отырды. Доктор И. Самраи сондай-ақ әл-Фарабиге Сибәуейхидің де әсері болғанын айтады [11, 30]. Әл-Фараби логика мен тіл байланысын толық қарастырған алғашқы философ болды. Дәл осындай ғылыми жаңалық енгізгендігінен шығар, ол өзінің грамматикалық зерттеулерінде көп уақытқа дейін дара болып қала берді.

Логика өнерін тіл ғылымы мен грамматика байланысына сәйкес талдау арқылы әл-Фараби философия мен тілді қатар ұстап, екеуіне де тамаша өрнек берді. Бұл жөнінде оның аса зор көңіл аударатыны дәлелдеу – «бурхан» әдісі. Дәлелі жоқ нәрсені Фараби толық ғылым мағынасына қоя қоймайды» [13].

Тіл мен логика ғылымдары таным құралдары ретінде ажырамас байланыста дамиды. Ойлау - адамның ең басты қабілеттерінің бірі.

Адам ойлау процесі арқылы заттар парқын меңгереді. Ойда пайымдалғанды басқа біреуге хабарлау процесінде қолданатын адамның басты тәсілі - тіл, сөз. Сөз - ойдың қабыршағы. Әл-Фараби қазіргі күні қалыптасқан логико-лингвистикалық тұжырымдардың төл бастамасын ортағасырда бірінші болып дәйектеді. Ойшылдың грамматика мен логика, сөз бен ойлау дәнекерлігіне негізделген пайымдамалары бай араб тілі қағидалары арқылы беріледі.

1. Гафуров Б.Г., Касымжанов А.Х. *Ал-Фараби в истории мировой культуры*. - М: Наука, 1975. - 181 с.
2. *Әл-Фараби. Китаб әл-Хуруф*. - Бейрут, 1969. - 253 б.
3. *Әл-Фараби. Әлеуметтік-этикалық трактаттар*. - Алматы: Ғылым, 1975. - 419 б.
4. *Аль-Фараби. Вводный трактат в логику // Казибердов А.Л., Муталибов С.А. Абу Наср аль-Фараби. Исследования и переводы*. - Ташкент: Фан, 1986. - С. 150.
5. *Әл-Фараби. Ғылымдардың шығуы туралы // Есім Ғ. Фалсафа тарихы*. - Алматы: РБК, 2000. - 278 б.
6. *Касымжанов А.Х. Аль-Фараби*. - Алматы, 1997. - 128 с.
7. *Әл-Фараби. Мәселелер мәні // Есім Ғ. Фалсафа тарихы*. - 58-б.
8. *Хайруллаев М.М. Абу Наср аль-Фараби*. - М.: Наука, 1982. - 303 с.
9. *Закуев А.К. Из истории арабоязычной логики средних веков*. - Баку: Элм, 1971. С. 42.
10. *Сабих Садиқ. Әл-Фараби уа асруху фи әл-фалсафа әл-уруби // Маурид*. - 1975. - Т. 3. - С. 109-138.
11. *Самраи Ибрахим. Мин қираа фи әл-кутуб әл-Фараби ли әл-мантиқ // Маурид*. - 1975. - Т. 3. - С. 28-34.
12. *Мухсин Махди. Муқаддима // Әл-Фараби. Китаб әл-Хуруф*. - Бейрут, 1969. - 253 с.
13. *Машанов А. Әл-Фараби*. - Алматы: Жазушы, 1970. - 245 б.

**Ж.А. Алтаев**

## ҚАЗАҚ ФИЛОСОФИЯСЫНДАҒЫ РУХАНИ САБАҚТАСТЫҚ

Әрбір халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан, табиғат ыңғайынан туындайтын өмір сүру тәсілі болады. Соған сай салт-дәстүрі, әдет-ғұрыпы, дүниені тану жолдары (дүниетанымы) қалыптасады. Бұл марксизмді қайталау емес, адамзат болмысының шындығы. Әрине, мұны білу үшін пәлендей философ болудың қажеті шамалы. Азды-көпті өмір тәжірибесі бар адам мұндай ойды өз бетінше қорыта алады. Бірақ, философия өте күрделі ғылымға айналған қазіргі кезеңде, осылай ой қорытқан

адамдардың бәрін де философтар деп айта аламыз ба? Иә, кез-келген адамда белгілі бір дәрежеде философиялық рефлексия болуы табиғи нәрсе. Осы тұрғыдан қарастырсақ - бір халық философияға бейім, бір халық одан мақрұм деуге еш болмайды. Онда Құдай бір халықты ерекше жаратып, екіншісін басқаша жаратқан деген қорытындыға келу ғажап емес. XX-ғасырда мұндай “философия” адамзат тарихындағы аса жойқын апатқа алып келгені белгілі. Осындай, түп мағынасы реакциялық

оймен ұштасып жататын пікірлер әлі де бар. Және де ол тек философтардың ғана емес, саясат, өнер адамдарының аузынан шығып жатқаны осыған дәлел. Бұл нені білдіреді? Әрине, осы тақылеттес пікірлерлердің өз жақтастарын тауып отырғандығы адамзаттың әлі де даму шыңына көтеріле алмағандығын, жер шары бүтін, ортақ мекен болса да, адамзат соны толық түйсіне алмай отырғандығын білдірмек. Шын мәнісінде, қазіргі заманда философия дегеніміз - адамзат болмысының ақыл-ойдағы синтезделген көрінісі. Сол себепті де, оны белгілі бір “элитарлық” ұлттардың жетістігі (әлде, меншігі) деп қарастыруға болмайды. Қазіргі ақпараттық заманда кез-келген дана ой әпсәтте бүкіл әлемнің ортақ “қазынасына” айналады. Әйтсе де, философия бүкіл адамзаттың ақыл-ой жетістігі деп саналатын қазіргі деңгейіне дайын күйінде тап болған жоқ. Осы жолда ол ұзақ эволюциялық жолдан өтті. Ол жол әлемдегі барлық халықтардың жүріп өткен жолы – оптимистік трагедиясы. Олай болса, әлемдік философия біртұтас адамзат мәдениетінің түрлі-түсті палитрасын құрушы барлық ұлттардың ерен еңбегінің жемісі. Кез-келген ұлтты осы мәдениеттен тысқары қалдыра алмаймыз. Қазақ халқы да осы қатарда. Ал, әлгінде айтылғандай, “қазақтар ерекше философ халық” дегенді мен “көтеріңкі патриотизм” деп атар едім. Өз арамызда оның еш зияны жоқ, тіптен, халық рухын көтерерліктей жағымды құбылыс. Мүмкін, сарылтып жеткен тәуелсіздіктің алғашқы кезеңінде ұлттың жаңа сапалық деңгейде танылуы үшін “өзін жігерлендіруі” дұрыс қадам болар. Бірақ өзіміздің батырлық пен даналыққа толы өткенімізбен шамадан тыс тамсанып, тек сонымен өмір сүруді алға шығаруымыз – қайраңға апарар жол. Иә, біздің халқымыздың өзіндік даму жолы болды, әлі де бар. Соған сәйкес ұлттық мінез, діл, дәстүр, ойлау ерекшелігі қалыптасты. Біз қазір адамзат қауымдастығына аморфты тұлға ретінде емес, өзін-өзі идентификациялай алатын халық ретінде енгенімізді түйсінуіміз қажет. Оның барлық алғашарты бізде бар: сауатты халқымыз, дәстүрлі мәдениетіміз (мәдениетті халық қашанда толерантты), бай тіліміз, табиғи ресурсымыз, интеграциялануға дайын ғылымымыз және т.т. – оған кепілдік бола алады. Осы потенциалымызды ақылмен қолдана отырып, мемлекетіміз серпінді дамыта алсақ - әлем бізді “философ халық” деп танытыны анық. Ал ондай “атақ” дайын күйінде көктен түсе салмайды. Ендеше, “халқымыздың ой потенциалында күшті даналық қабілет жатқандығын, яғни “нағыз философ халық” екендігімізді дәлелдейтін шақ енді туды” десек – еш қателеспейміз. Қазіргі жаһандану заманында философия тек

даналықты сүюмен, немесе, даналыққа ұмтылумен шектелмейді - оның өзі кәсіби түрде айналысуды талап ететін жан-жақты ғылымға айналды. Бұрын “қазақ философиясы” дегенде қол байлаулы болса, қазір бүкіл әлемдік философия жауһарларын меңгеруге жол ашылды. Енді өзіміздің еркін ойымызбен әлемдік диалогоға кіре аламыз. Осы мүмкіншілікті уыстан шығарып алмауымыз қажет. Кезінде “ескермей, ержеткен соң уысына түсіре алмай” қиналған Абай - осы жолда бізге үлгі деп ойлаймын.

Менің де философияда үлкен тақырыпқа келуіме себепші болған қадірлі ұстазым, қазақтың көрнекті философы Ағын Хайроллаұлы Қасымжанов еді. Қазақстан тәуелсіздік алған кезден бастап осы мәселеге оралуды заманның өзі талап ететінін ол көрегендікпен білді. Өйткені, әлемдік философияны меңгере отырып, өз халқының даналығының терең қабатын игермеу, шынын айтсақ, еш қисынға келмейді. Бүгінде адамзат баласының ойлау ерекшеліктерінде бәлендей айырмашылығы жоқ екендігін ғалымдар әлдеқашан дәлелдеген. Мәселе басқада: әрбір халық белгілі бір өмір сүру тәсілін қалыптастыра отырып, сол арқылы дүниетанымдық деңгейде қаншылықты терең пайымдау қалыбына жете алады? Осы тұрғада, меніңше, біздің халықтың даналығы Үйлесімділік принципіне негізделген дер едім. Онда оның табиғи сферасы, шаруашылығы, білімі, мәдениеті, діні т.б. қасиеттерінің өзара үйлесіп, біршама гармонияда болғандығы байқалады. Мұны түсіндіру үшін А.Қасымжанов “Дала өркениеті” деген ұғымды философияға енгізді. Бұл философияда жаңа көзқарас. Себебі, номадтарда өмір сүру жағдайына байланысты “кабинеттік философия” болмайды. Біздің даналарымыз философияның емес, “өмірдің жалына жармаса” жүріп, дала философтары (билері, жыраулары, ақын-серілері) атанған. Сондықтан олардың даналық ойында жасанды конструкциялар кездеспейді. Олар – импровизаторлар. Әрбір өзгермелі жағдайдың өз ақиқатын алға тартуға үйренген. Әрі, ол дала дәстүрімен қайшылыққа келмейтіндей болған. Ондай ақиқаттан кез-келген көшпенді аттап өте алмайтын. Ол философияның күштілігі де сонда - мәселе осылай болып тұрған соң, билер мен жыраулардың ой-толғаулары өмір шындығын тұтастай бейнелеуге ұмтылғанымен, ол әруақытта эпизодтық, фрагменттік тұрғыда болады, яғни, қазақ философиясында практикалық мақсат алдыңғы қатарда тұрады. Философияны таза абстаркциялық ой ретінде қабылдау үрдісі қалыптаспаған және оның қажеті де шамалы еді. Ал “қолданбалы (практикалық) философияны” түсіну әрбір көшпендінің өмір сүру шарты

болған соң, кез-келген қазақ оны қабылдай алуы тиіс. Жоғарыда біз айтқан “қазақ философияға бейім халық па?” деген сұрағымыздың бір жауабы осыған келіп тіреледі. Бұл қасиет үлгі-өнеге, ауыз әдебиеті, салт-дәстүр, тәрбие т.с.с. құралдармен қоректеніп, ұрпақтан ұрпаққа жалғасып отырған. Мұндай даналық жолы көшпенділерді өзге халықтарға сіңіп кетуден қорғаған имунитет болып қалыптасты. Далалық демократияның кеңінен қанат жаюына, жауынгерге тән өр мінездің қалыптасуына осы дүниетаным зор қызмет атқарған. Бірақ “өмір сүру үшін” жаратылған философияны - жалпы мағынасында даналықты - ақыл-ойдың синтезделген күйіне келтіруге, яғни, Ежелгі Грек классикалық, Араб өркениеті мен христиандық теологиялық, болмаса, неміс классикалық философиясы қалыбына келтіруге көшпенділердің уақыты жетпей қалды. Алып территорияны иемденген көшпенділер философиясы сыртқы күштердің қыспаққа алуы нәтижесінде өзіндік даму логикасын аяқтай алмай қалды. “Сапалық өзгерістер сатысына” енді жете бергенде саяси басқыншылықпен қатар рухани экспансияға ұшырадық. Дала философиясының құны төмендеді, философтарымыз “даналық ой ұшқынының иелері” ғана болып қалды. Міне, енді ғана, бүкіл қазақ даналығын философиялық ойдың қабаты ретінде синтездеуге, оған кеш те болса өзіне лайықты мәртебесін қайтаруға қол жетіп отыр. Мысалы, ежелгі Тоныкөк, Күлтегін ескерткіштерінде сырт көзге бәлендей философия жоқ сияқты көрінеді. Бірақ онда аз сөзбен көп мағына өрнектелген. Елдік, мемлекеттік философия шырқау шегіне көтерілген. Жалпы, бір жағынан, кез-келген философиялық ілім адам баласының ойлау құдыретінің көрінісі деп санасак, онда Күлтегін-Тоныкөк ескерткіші Дала даналарының “өздеріне өздері соғып кеткен” ғажайып ескерткіші дегенге анық келеді. Оны ұстазым Ағын Қасымжанов өзінің “Стеллы Кошо-Цайдама” атты еңбегінде ерекше пафоспен жазды.

Қазақ философиясы тарихын зерттегенде, оны (зерттеушілерді) шартты түрде протоқазақ философиясын және қазақ философиясын зерттеушілер деп бөлуге болады. Алғашқылардың қатарына өмірден мезгілсіз өтіп кеткен досым Мұқанмадияр Орынбековты атамай кетпесем болмайды. Ол “Предфилософия протоказахов” атты шағын еңбегінде біздің территориямызда мекендеген, қазақтың арғы тегі саналатын ірі тайпалардың өмірін саралай отырып, қазақ халқында қалыптасқан дәстүрлі дүниетаным сабақтастығын кәсіби философиялық тұрғыдан талдап бере алды. Ол кітап осы күнге дейін өзінің методологиялық қызметін атқарып келеді, әлі де атқара бермек. Сонымен

қатар көп жылдар бойы ҚазМҰУ-нің философия-экономика факультетінің деканы болған белгілі ұстазымыз ғалым философ О.А.Сегізбаевтың қазақ ағартушылары туралы еңбектері құндылығын жоймайды. Қазақ философиясы тарихын зерттеуде Қазақ Ғылым академиясы ғалымдары мен әл-Фараби атындағы ҚазМҰУдегі әріптестерім қомақты істер атқаруда. Солардың арасында ұстазым әрі досым Аманжол Қасабекті ерекше атаймын. Қазақ философия тарихын әлемдік философия тарихымен ұштастыра зерттеп жүрген ірі философ десем артық айтқандық емес. Әріптестерімнен академик Ғарифолла Есім, ф.ғ.докторлары Тұрсын Ғабитов, Бекет Нұржанов, Нағима Байтенова, Сағадид Бөлекбаев, Даулет Раев, Әбдіғалиева Гүлжан Қанайқызы және басқалар ұлттық философияны дамытуға маңдай терілерін аянбай төгуде. Қазір елімізде “Мәдени мұра” бағдарламасы бойынша көптеген тарихи деректер жинақталуда. Болашақта осы материалдардың бәрін де философиялық тұрғыда сараптама жасау жұмыстары күтіп тұр. Ол нағандық жұмыс емес, көп жылдарға созылатын шара. Сондықтан, қазақ философиясы тарихын зерттеу қазіргі жастардың да төл ісіне айналатынына сенімдімін. Біздің міндетіміз осы сабақтастықты үзіп алмау.

Қоғам дамуында, мемлекет іргетасының берік болуында философиялық ілімнің алатын орны ерекше екенін тарихқа көз салып отырсақ айқын аңғарамыз. Қазір біз де тәуелсіз мемлекетпіз. Ұлтымыздың ақыл-ойының алтын арқауы арғы дәуірлердегі ұлыларымыздың терең ой иірімдерінде жатыр.

Мен, протоқазақ дүниетанымы өте күшті болғанын атап өткім келеді: мысалы, түпқазақтың ежелгі дүниетанымында өмір дәріптеледі. Онда адам жаны өлмейді, Тәңіріне қайтады. Ол инкарнация деп аталады. Қазақта “бұған бәленше атасының аруағы қонған” деп жатуының түп төркіні сол себепті. Мұндай өмірге деген ерекше құштарлық, өмірді дәріптеу - өзге халықтардың дүниетанымында осындай қуатқа ие деп айта алмаймын. Қазақ өлген адамына қарата “өлді” деп емес, “қайтты, қайтыс болды” дейді. Мұны айтып отырған себебім: көнетүркілік дүниетанымның, тіпті, Ежелгі грек философиясына да тікелей әсерін тигізгенін көрсету. Әйгілі Платонның философиясында адам жанының Космостағы “саяхатында” Құдайлар қабатына жақындап ұшқан жан жер бетіне қайта оралғанда философтарға, қолбасшыларға, мемлекет басқарушыларға қонатыны туралы ілімін еске алыңыздаршы. Бұл қайдан шыққан? Әрине, көнетүркілерден. Біздің эрамызға дейін мыңдаған жылдар бұрын көнетүркілік мәдениет пен дүниетаным

заманының көш басында, яғни, өзге аймақтарға ықпал етуші, оларды дамытушы жағдайда болғаны мәлім. Оның сол қуатын алғашқы зерттеу нүктесі деп санай отырып, біз қазір өз дүниетанымымызды өте терең танып алуымыз қажет. Оның эволюциялық жолын рет-ретімен қойып, қай таным қалай трансформацияланған, оның себептері қандай, философиялық мағынасы қайдан шығады, қоғамдық болмыста қандай ролдер атқарды, саяси жағдайлардың әсерімен қай бағытқа бұрылып кеткен т.с.с. сұрақтарды толығымен қамтитын, ұлт-ұлыстардың ежелгі дәуірінен бастап, қазіргі кезеңге дейінгі дүниетанымы: мифологияның, аңыздардың, ой-толғамдардың, философияның тұтас тарихын жасап шығу - өте үлкен арман. Дәл қазір ол жүзеге аса қояды деп ойламаймын. Бірақ осы бағыттағы зерттеулерді үнемі жалғастырып отырмаса болмайды. Бұның қажеттігі ел болып өскен сайын арта бермек. Өйткені, тәуелсіздік ұлт дамуының алғы шарты болса, оның “аяқталған” нүктесі философиясының біртұтас тарихының қалыптасуында дер едім. Бірақ, ондай жағдайға жету оңай емес. Мұның маңыздылығы неде деп сұрасаңыз, онда қазіргі заманда бірнеше полярлық орталықтар бәсекелестік жағдайында қалыптасуда. Бұрынғыдай жалпылама батыс-шығыс деп бөліну ескіріп барады. Енді, дамыған мемлекеттер мен оны құрушы халықтардың өзіндік философия тарихы жасалынып жатыр. Шартты түрде оларды қытайлық, америкалық, ресейлік, еуропалық және т.б. деп бөлуге болады. Солардың қатарына терезесін тең етіп “түркілік әлемді” де қоюға әбден болады. Президентіміздің еуразиялық идеяны алға тартуы - осы мәселенің бастамасы. Алдымен еуразиялық кеңістіктің рухани дүниесі тарихын (соның ішінде философиясын да) қорытындылау барысында, түркілік рухани әлем екішеле түседі. Себебі, мыңжылдықтар барысында мұндағы өмір сүрген халықтар бір-бірімен қым-ғуыт, үздіксіз рухани қатынаста болған. Көршілес әлемдердің даму логикасына сүйене отырып, оның ішінен “өзімізді іздеу” барысында, әрі, содан кейін ғана, түркілік әлемнің рухани мұрасын, одан әрмен, осының қисынды жалғасы ретінде – қазақ әлеміне сүңгіміз. Бұл – жалпы түркілік әлемнің жаңа сапалық деңгейде бірігуінің басы. Бұл - жаһандану заманында өз болмысымызды сақтап қана қоймай, оны бірін-бірі жұтуға бағытталған “бөтен де таныс” рухани әлемдерге жұтылып кетуден қорғанудың жолы, біздің ортақ, тұрақты иммундық жүйеміз болмақ. Бұл зерттеулер тек қазақ философтарының күшімен жүзеге асуы мүмкін

емес. Ол үшін бүкіл түркілік елдердің ғалымдары мен саяси көшбасшыларының ортақ жігері қажет. Бәріміз осы ақиқатты ерікті түрде мойындап, саналы қадамға барсақ қана, бүгіндері “сен мықты, мен мықты” деп, алтын уақытымызды, оған қоса бірігу мүмкіншілігімізді жоғалтып жатқанымызды анық сезер едік. Президент ұсынған Ортаазиялық Одақ идеясы, Түркі елдері Үнтымақтастығы идеясы – осы мақсаттың саяси алғышарты. Біреулер осы идея көтерілсе “ол қай тілде жүзеге асады” деп алаңдаушылық білдіреді. “Бірікпестің басы бірікпес”, болмаса, қазіргі технологиялық заманда оған әркім өз тілімен, дінімен, салт-дәстүрімен енуге еш кедергі жоқ. Тек мемлекеттер, халықтар тарапынан осыған деген ынта, жігер керек. Біз қазір тегі түркілік, бірақ, мейлі түпқазақ, мейлі түпөзбек болсын, әлемге аты шыққан ғұламаларымызды “ұлттандырып” алдық. Мұны - түркі әлемінің қайта өрлеуінің “қиналысты жолы” деуге болады. Өзіміз табанды түрде осы ұстанымды ұсынып отырғаннан кейін -әлем оларды осы ұлт өкілдері деп тани бастады. Бірақ, олар өмір сүрген замандарда біздер ұлт ретінде бөлініп кетіп пе едік?.. Сөйте отырып, олардың ілімдерін бүкіл-әлемдік ортақ қазына деп мойындаймыз, ал, өзіміздікін өзімізге қимаймыз. Мінеки, арғы-бергі дәуірдегі және қазіргі кездегі философиямыздың мемлекетті дамытудағы, іргетасымызды бекітудегі ролі қандай деген сұраққа: “шындықты ашып көрсете білуінде, сол арқылы тұтас түркілік әлемімізді, оның қатарына енетін тәуелді-тәуелсіз мемлекеттерімізді біріктірудің, дамудың орта жолын табудың методологиялық-рухани негізі бола алатындығында.

Тұжырымдап айтар болсақ, әл-Фараби, Абай, Шәкәрім секілді ірі тұлғалар ғасырларда бір келетін алып ой иелері. Сол сияқты ұстаздарымыз А.Х.Қасымжанаов, О.Сегізбаев, Қ.Х. Рахматуллин, М.С.Орынбеков, Б.Қ.Құдайбергеновтердің есімдері де қазақ халқының интеллектуалды озық ойлы азаматтарына айналды деуге болады. Біздер үшін ұлы ұстаздарымызды танып білу және олардың философиялық шығармаларын жастарға таныту үлкен мәртебе.

\*\*\*

Автор в данной статье дает мнения о казахской философии.

\*\*\*

Author in this article shares minds about Kazakh philosophy.